

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті**

**«Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы»
тақырыбындағы Байулов Гани Бекхожаевичтың 8D011 Педагогика
және психология (6D010300–Педагогика және психология мамандығы)
бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертациясына**

АННОТАЦИЯ

**Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д.,проф. м.а. Майгельдиева Ш.М.**

**Шетелдік ғылыми кеңесші:
п.ғ.д.,профессор Каргапольцев С.М.**

**Қазақстан Республикасы
Қызылорда, 2019ж**

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет пен тарихымыздың дамып, өркендеуі, халқымыздың рухани бай мұрасын және салт-дәстүрлерін қастерлеу – еліміздің дүниежүзілік өркениеттегі егемендігін, дербестігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді. Сол себептен қазіргі уақытта болашақ педагогтарға кәсіби білім мен тәрбие беру ісі ерекше маңызды болып отыр. Болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы – бұл білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірі. Осыған орай, бүгінгі таңда қоғамның жаңа деңгейге көтерілуімен байланысты оның қозғаушы күші болып отырған жастарға білім беру ісінде өткен тарихты тәжірибелерді ой-елегінен өткізіп, жаңа заман талабына сай қолданудың жолдарын қарастыру маңызды мәселе болып тұр. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің зерттелуі бүгінгі күнгі қажеттіліктердің бірі болып отыр. Қазақстанда музыкалық білім кеңестік дәуірдің талабына сай, кең көлемде дамып өркен жайды. Оған себеп елімізде тұңғыш ұлттық музыкалық драма театрының, филармониялар мен концерттік залдардың, музыкалық мектептер мен училищелердің ашылуы болды. Сондай-ақ, Қазақтың тұңғыш опера және балет театрының өмірге келуі, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ашылуы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының әдебиет және өнер институты жанынан музыкалық зерттеу секторының ғылыми жұмыс жүргізілуі елімізде музыка мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал етті.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізген талдау барысында білім беру саласында музыкалық білімнің қалыптасу мен даму мәселесін шетел, Ресей және отандық ғалымдардың зерттеулері бойынша бірнеше бағытта қарастырылғанын анықтадық (А.А.Левшин, А.Е.Алекторов, М.В.Готовицкий, Р.А.Пфенинг, С.Г.Рыбаков, А.И.Ивановский және т.б.). Ресейлік ғалымдардың бұл мәселесі туралы зерттеулерінен, олардың белгілі педагогикалық теорияларды басшылыққа алғандығы байқалды. Мәселен, зерттеуші ғалымдар өз зерттеулерінде музыканың, музыкалық білімнің қалыптасу, даму және пайдалану мүмкіндіктерін айқындауда қарым-қатынас пен іс-әрекет теориясына (Л.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, А.А.Бодалев, Э.Эриксон, А.Маслоу, К.Роджерс), Ю.А.Бабанский, М.А.Данилов, Н.Д.Хмель біртұтас педагогикалық үдеріс теориясына, В.А.Сластенин, Л.С.Подымованың инновациялық педагогикалық іс-әрекет теориясына, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов, В.Оконь проблемалық оқыту теориясына, педагогикалық пәндерді оқытудағы тұлғалық даму ерекшеліктері бағытын негізге алады.

Бұл аталған ғалымдар еңбектерін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау, олардың жоғары білім беру жағдайында студенттердің музыкалық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту мәселелерінің әр қырынан зерттелгенімен, біз қарастырып отырған Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық

білімнің қалыптасуы мен дамуы мәселесінің ғылыми тұрғыда әлі де болса зерттелмегендігі байқалды. Қазақстанда зерттеулердің көпшілігі қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттерге музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтауға байланысты болып келеді. Қазақстандағы педагогикалық ойлардың даму тарихына 1950-1970 ж.ж. өз үлестерін қосқан педагог-ғалымдар: Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Ә.І. Сембаев, Т.Ақшолақов, Т.М.Храпченко, Қ.Қ.Құнантаева, т.б. болса, ал, 70-90 ж.ж. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Б. Сейталиев, И.Р. Халитова, Г.И.Төретаевалар болды.

Ал, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы мәселесі қарастырылмаған десе болады. Атап көрсетсек, Қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т. Қышқашбаев, Б. Жүсіпов, ал бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыруды М. Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б.Р.Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ.Асанова, өнер сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М. Нағимова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты. Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г.Ғизатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, т.б. еңбектерінде терең талданған. Б. Ғизатов, О.Байділдаев, Л.П.Мамизерова, М.Х.Балтабаев, А.Райымбергенов, т.б. педагогтар Қазақстанның ұлттық мектептеріне арналған музыкадан бағдарламалар және ғылыми-әдістемелік құралдар жасауға өз үлестерін қосқан. Музыка мамандарын даярлау мәселесіне М.Ахметова, К.С.Төребаева, З.Р.Ахметова, И.В.Арановская, т.б. ғалымдардың еңбектері арналған.

Жалпы студенттердің, мектеп оқушыларының бойында музыкалық-эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда және қазақ халық аспаптарының, сонымен қатар, ән, би, хор өнерінің тәрбиелік маңызын зерттеу істері Р.Қ. Дүйсембінова, Ж.Ж. Еңсепов, К.С.Исаханова, С.А. Жақаева, М.Көккөзова, Ж.А.Төлебаева, М.Я.Гамарник, Б.Т.Махметова, Г.М.Әубәкірова, А.Т. Имашева, Г.Д.Рахимова, Ж.Е.Зейнуллина, З.О.Дүкенбаева, Р.Малдыбаева, т.б. диссертациялық жұмыстарында арнайы қарастырылған.

Біздің зерттеу жұмысымызға аталмыш ғалымдардың ғылыми түйіндері өте маңызды болды. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері және кезендерін айқындауда, біз Қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген А.В.Затаевич, А.Э. Бимбоэс, Б.Г.Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ. Жұбанов, А. Жұбанов, Б. Құндақбаев, А. Сейдімбек, У. Бекенов, П. Момынов, М.Х. Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Р.Р.Жәрдемәлиева, Ш.Б.Құлманова, М.Х.Мұхтаров ғалымдардың педагогикалық ой-пікірлерін, ғылыми тұжырымдамаларын басшылыққа алдық.

Жоғарыда аттары аталған музыка зерттеушілері мен педагог-ғалымдардың еңбектері Қазақстандағы музыкалық білімнің даму жолдарын айқындау өз алдына маңызды ақпарат.

Алайда, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің жалпы білім жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде зерттелуі мен оның аксиологиялық потенциясын пайдаланбауымен және оның жастарға музыкалық-білім берудің пәрменді құралы болып табылатын арасындағы қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімнің қалыптасу мен дамуының теориялық тұрғыдан негіздеу және оның мазмұнын жүйелеу.

Зерттеудің нысаны: Тәуелсіз Қазақстандағы білім беру жүйесі.

Зерттеудің пәні: Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім беру үрдісі.

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы:

Егер, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму тарихын зерттеп, зерделенсе, **онда,** тәрбиелік мүмкіншіліктері кеңінен пайдаланылады, **себебі,** музыкалық білімнің аксиологиялық негіздері айқындалып, жүйеленеді.

Зерттеудің міндеттері:

-Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларға ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан сипаттама беру;

-Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму ерекшеліктерін айқындау;

-Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздерін айқындау;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұнын жүйелеу, оны жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендірудің жолдарын эксперименттік байқаудан өткізіп, нәтижесін енгізу.

Жетекші идея: бүгінгі күн талабына сәйкес болашақ педагогтердің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің негіздерін пайдалану оның дамуына жаңа бағыт пен тың серпін береді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздеріне жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық өзара бірлігіне байланысты тарихи, философиялық, әлеуметтік және мәдени ілімдер; тарихи-педагогикалық құбылыстарды зерттеуге аксиологиялық және жүйелілік қатынас теориясы; білім беру философиясы туралы ілім; тұлға дамуының жалпы диалектикалық принциптері; тұлғаға бағдарланған білім беру және білім беруді ізгілендіру теориясы; тарихи құбылыстар мен процестерді, фактілер мен оқиғаларды талдау мен педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы және дамуын зерделеуге қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалық зерттеулері алынды.

Зерттеудің көздері: зерттеу проблемасына қатысты философтардың, психологтердің, педагогтердің ғылыми еңбектері мен зерттеулері. Қазақстан Республикасының этно-мәдени білім беру тұжырымдамасы (1996), Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы (2003), Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (2010), Орталық Мемлекеттік мұрағат құжаттары, музыкалық мәдениеттің даму тарихына арналған ғалымдар еңбектері, білім беру мәселесіне арналған ресми құжаттар, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында музыка мамандарын даярлауға арналған пәндердің әр жылдардағы бағдарламалары мен оқу әдістемелік құралдары, осы тақырыпқа байланысты ҚР бұрын-соңғы қорғалған диссертациялық жұмыстар.

Зерттеудің әдістері:

Зерттеу проблемасы бойынша философия, тарих, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге жүйелі талдау; Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы туралы жазылған әдебиеттерді және мерзімді баспасөз материалдарын, өнер қайраткерлерінің еңбектерін сараптау, мұрағат материалдарын, естеліктерін тауып талдау, әр түрлі жазба деректерді салыстыра талдап ой қорыту. Анкеталық сұрақтар арқылы білім алушылардың музыкалық білімін анықтау, олармен әңгімелесу, сауалнама жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижелерін математикалық өңдеу, педагогикалық эксперимент әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері. Зерттеу базасы негізіне Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет алынып, «Музыкалық білім» мамандығының білім алушылары қатысты.

Зерттеудің кезеңдері мен процедурасы

- I кезеңде (2014-2015 ж.ж.) зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуына қатысты философия, әдебиет, педагогика, психология салаларындағы еңбектерге талдау жасалынып, зерттеудің өзектілігі дәлелденді. Ғылыми аппараты айқындалып, зерттеудің мақсат-міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, ғылыми болжамы және зерттеу кезеңдері нақтыланды.

- II кезеңде (2015-2016 ж.ж.) Қазақстандағы музыкалық-педагогиканың дамуымен байланысты материалдар сұрыпталып, жинақталып, талданып, өзіндік тұғырлары анықталды. «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» тақырыбында арнайы курстың бағдарламасы түзілді. Зерттеудің ғылыми-теориялық маңыздылығы практикалық сабақтарда іс жүзіне асырылды. Ғылыми мақалалар жарық көрді.

- III кезеңде (2016-2019 ж.ж.) жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері талқыланып, білім алушылардың білімдерін тексеру жұмыстары қорытындыланып, жүйеге келтірілді. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған ғылыми мәліметтер қорытындыланып, тұжырымдар мен ұсыныстар әзірленді. Теориялық тұжырымдар схемалармен, кестелермен және суреттермен көрсетіліп, диссертация өңделіп, рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

-Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларға ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан сипаттама берілді;

-Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму ерекшеліктерін айқындалды;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің аксиологиялық негіздерін айқындалды;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің мазмұнын жүйелеу, оны жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендірудің жолдарын эксперименттік байқаудан өткізіп, нәтижесін енгізілді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: зерттеу мәселесі бойынша «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты элективті курс бағдарламасы жасалынып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылды; зерттеу нәтижелерін «Білім» тобы мамандықтары (оның ішінде «Музыкалық білім») білім алушыларына «Педагогика», «Педагогика тарихы», «Қазақ музыка тарихы», «Қазақ музыка әдебиеті», «Музыкалық педагогика», «Музыкалық психология» т.б. пәндерін оқытуда және жоғары оқу орнындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігімен негізділігі зерттеу әдіснамасының қойылған мәселеге сәйкестігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатынымен және зерттеушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларларына жасалған ғылыми-теориялық тұрғыдан талдаудың нәтижесі;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму жүйесінің кезеңдерінің жіктемесі мен ерекшеліктері және оны меңгерудің айқындалған мүмкіндіктері;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің даму тарихының тәрбиелік мүмкіншіліктері мен, әсіресе аксиологиялық тұрғыдан, байланысының жолдары;

- Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім мазмұнын жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендіру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдерінің қорытындысы мен нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидаларың дұрыстығын растайды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Педагогикалық» факультеті, «Педагогика және психология» және «Музыкалық білім беру және дәстүрлі өнер»

кафедрасының кеңейтілген ғылыми семинарларында, Халықаралық, Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда талқыланды.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру.

Диссертациялық Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» кафедрасында орындалды. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары 18 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінді 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылым журналдарда, 2 мақала Web of Science қорына кіретін журналдарда жарияланды, 6 мақала шетелдік халықаралық басылымдар мен конференцияларда, 6 мақала Халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар материалдарының жинақтарында жарық көрді.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімде тақырыптың көкейкестілігі дәлелденіп, зерттеудің ғылыми аппараты: зерттеу нысаны, зерттеу пәні, ғылыми болжамы, мақсат-міндеттері, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, зерттеу көздері, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары анықталды.

«Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы және дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде Қазақстанда музыкалық білімнің даму генезисі және Тәуелсіздік алған жылдардағы Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен саяси-әлеуметтік факторлар сипатталды. Соңдай-ақ, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы мәселесінің ғылыми еңбектерде талдануы зерделенді. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім дамуының әдіснамалық-теориялық, аксиологиялық негіздері, анықталды.

«Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері» атты екінші бөлімде Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің әдістемелік жүйесі зерделенді (оқу бағдарламалары, оқу құралдары, оқулықтарға талдау) жүргізілді. Сонымен қатар, Тәуелсіз Қазақстанда болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлауы және музыкалық білім беру деңгейлері анықталды. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім беру мазмұнының жетілдіру жолдары, аксиологиялық жағынан мүмкіндіктері зерттелді. Болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлануында пайдалануға ұсынылған «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты арнай курс бағдарламасы жасалып, мазмұны сипатталды.

«Отандық музыкалық білім беру тәжірибесін пайдалану жолдары» атты үшінші тарауда бүгінгі таңдағы маман даярлау жүйесінде музыкалық білім беру мәселелерге қатысты тәжірибелер жинақталып, салыстырмалы талданды. Жоғары оқу орнындағы мамандар даярлау үрдісінде Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім негіздерін пайдаланудың тиімділігі

тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда дәлелденіп, әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытынды бөлімде теориялық және тәжірибелік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми ұсыныстар берілді.